

«Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің денсаулық сақтау
басқармасы» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің
«Шал ақын ауданының аудандық
ауруханасы» шаруашылық
жүргізу құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорны



Коммунальное государственное
предприятие на праве
хозяйственного ведения «Районная
больница района Шал ақына»
коммунального государственного
учреждения «Управление
здравоохранения акимата Северо-
Казахстанской
области»

БҰЙРЫҚ

2023 жылғы 24 шілде

Сергеевка қаласы

№ 153 ж/к

ПРИКАЗ

город Сергеевка

**«Шал ақын ауданының аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу туралы**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 18.11.2015 жылғы № 410 -V - ҚРЗ Заңының 8-бабына сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі комиссия құрылсын (1-қосымша)

2. 2023 жылғы 31 шілде мен 11 тамыз аралығында «Шал ақын ауданының аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу:

1) Шал ақын ауданының аудандық ауруханасының қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2) кәсіпорынның ұйымдық - басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

3. Талданатын кезең 2022 жылғы маусымнан 2023 жылғы 30 маусымға дейін.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу аяқталғаннан кейін жұмыс комиссиясы талдамалық анықтама дайындасын және ұсынсын.

Директордың м.а.



Н. Абуов